

Кітапхананың миссиясы: Оқу ісін ілгерлету, оқу мәдениеті мен сауаттылықты қалыптастыру, рухани мұрамызды сақтау, ана тілімізге деген қамқорлық көзқарас, сондай-ақ жастарды Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Әр адам білім алып, интеллектуалды даму үшін ақпаратқа ашық қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Кітапхананың стратегиялық бағыты - өздігінен білім алуға, инновациялық әдістемелік бағдарламаларды құруға жағдай жасау, көркем-шығармашылық қызметті ақпараттық қамсыздандыру болып табылады .

Кітапхананың негізгі міндеттері:

- Оқырманның жеке тұлға ретінде дамуында кітапхананың рөлін дамыту;
- Тұтынушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- Кітапхана қорын қолданыстағы оқу бағдарламаларына сәйкес толықтыру;
- ұлттық әдебиеттерге деген оқырмандардың қызығушылығын арттыру;
- мұғалімдерді, оқушыларды оқу мәселесіне тарту;
- оқу мәдениеттілік деңгейін көтеру;
- өздігінен білім алуда және көзқарасын қалыптастыруда шығармашылыққа баулу;
- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, табиғаттың мәдениеттің және қоршаған ортаның байланыстарын қорғау қажеттілігін сезіне білетін отансүйгіш азамат тәрбиелеу;
- Оқырманды кітап оқуға қызықтыруда белсенді болу.

Оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың басым бағыттарының негізгі ұстанымдары:

- 1.Қорларды өзектендіру;
- 2.Кітапханалық қызмет көрсету мен ресурстардың қолжетімді болуы;
- 3.Оқырмандардың сұранысын қанағаттандыру;
4. Кітапхананы үздіксіз дамыту;
5. Кітапханалық қызмет көрсету сапасын арттыру;
- 6.Қазіргі заманғы кәсіби стандарттарды, технологиялар мен қызметтерді игеруде алғырлық таныту;

Мектеп кітапханасы мектеп қаражатынан 600-ге жуық кітаптармен толықты, Жаңа кітаптар қазақ және әлем жазушыларының шығармалары, «100-Besteler» сериясынан қазақ тілінен аударылған кітаптар, ертегілер және жаңа энциклопедиялармен толықты.

Мәдени-көпшілік іс-шаралар:

«Менің Қазақстаным», «Абай-әлемдік тұлға», «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға», «Атаулы күндер», «Оқуға құштар мектеп», «Салт- дәстүрім-асыл қазынам»,

«Жаңа кітаптар», «Бір ел – бір кітап», «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы



«Кітапханаға кітап сыйла» науқанында мектеп кітапхана қоры мың данадан аса көркем әдебиеттермен толықтырылды

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп мұғалімдерімен таныстыру және талқылау семинар өткізілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды. Осы жобаны жүзеге асыру жұмыстары біздің білім ордамызда да жүргізіліп келеді. 2022 жылдың 13 қаңтар күні қысқы демалыс уақытында 5-11 сынып аралығындағы сынып жетекшілер және пән мұғалімдеріне мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б. Нуртазина және Т. Бейсекова тарапынан «Оқушының кітап оқуға құштарлығын қалай оятамыз?» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Семинар барысында слайд-презентация арқылы түсіндірме жұмысы және жекелей, топтық, жұптық жұмыс түрлері, тапсырмалар беріліп, орындалды.



Сонымен қатар, семинар қатысушылары мектепшілік «**Үздік оқырман**» байқауы ережесін бірге талқылап, оқушыларға оқуға ұсынылатын көркем әдебиеттер тізімін қарастырды. «Үздік оқырман» байқауында 5-6 сыныптар Бердібек Соқпақбаев "Менің атым Қожа", Сайын Мұратбеков "Жусан иісі", 7-8сыныптар Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя», Сайын Мұратбеков «Жабайы алма», 9-11сыныптар Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романын оқыды.



<https://www.instagram.com/p/CbXrGDwsyDA/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

<https://www.instagram.com/p/CbU1qKerltQ/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

Әр сыныптарға арналған тест сұрақтарына жауап беру сәті



<https://www.instagram.com/p/CcX3JItMpDz/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы асында жүргізілген «Үздік оқырман» байқауына төрт жүзден аса оқушылар қатысты. Үздік оқырмандарды «Меломан» дүкендер желісінің ақшалай сертификаттарымен және қызықты кітаптармен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасар және мектеп директоры А.Шаяхметова марапатады. «Үздік оқырман» байқауының үздіктерін ұсынылған көркем әдебиеттерге арналған тест сұрақтары арқылы анықтады.



Кітапханадағы оқу сағаттары

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ертегілер әлемінде» «20 минуттық оқу сағаттары» апта сайын өткізіліп отырады. «Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері - тәрбиенің алтын дінгегі» атты тақырыпта бастауыш сыныптарға оқу сағаттарында оқытылып, Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің мән мағанасынан түсінік алып отырды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың ой-өрісін, дүние танымын кеңейту үшін есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында оқыған ертегілерінің кейіпкерлерінің суретін салу арқылы жүзеге асады. «Менің сүйікті кейіпкерім» айдары арқылы 3 сынып оқушылары ертегідегі сүйікті кейіпкерлерінің суретін салды.



Төлеген Айбергеновтың туғанына 85 жыл толуына орай 7-сынып оқушыларымен «Әдеби джем» өткізіліп, ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы деректермен таныстырылды

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Білім беруді жаңғырту орталығы мен V-Еуразиялық халықаралық кітап кітап көрмесі «Eurasian Book Fair» бірлесе отырып 7-11сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті кітабым» атты эссе байқауы өтті.

<https://www.instagram.com/p/CcxPxxjrraE/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Байқауға мектебіміздің оқушылары 8 «Е» сынып оқушысы Бажкенова Сержан 1-орын иеленді және 11 «Е» сынып оқушысы Жылқайдарова Рабиға Абдумаликовна 3-орын иеленді, осы байқауға белсене қатысқан оқушылар Аликул Акбота, Анарбаева Даналия, Мырзатилаева Карина, Болатхани Балауса, Қалдарбек Аружан, Қалдарбек А, Хамитов Сармат, Жантыкеева Дильназ, Қабдылгазина А, Қадыр Амина, Розбакиеева Адия, Секен Адия Азаматқызы, Білім беруді жаңғырту орталығының Сертификаттарымен марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалар әдебиетіндегі шоқтығы биік шығарма «Менің атым Қожа» повесінің шыққанына 65 жыл толуына орай көптеген тілге аударылған ұрпақтан-ұрпаққа рухани азық болған шығарма туралы кітапханада 5-сынып оқушыларымен және мұғалімдермен бірігіп әдеби сағат өткізілді. Оқушылар әр кейіпкерді талдап, мұғалімдер бұл повестің күн өткен сайын құндылығының артып отырғанын әңгімеледі

<https://www.instagram.com/tv/Cdk8M53rKQK/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

Мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Марал Оралбековна кітапханамен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Оқушыларға оқыған шығармаларын тереңдете ұғындыру үшін кітапхана қорын жиі пайдаланады

<https://www.instagram.com/tv/Cc1nKYpIy1u/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

Белгілі ақынымыз Сырбай Мәуленовтың туғанына 100 жыл толуына орай «Сырлы сұлу суреткер» атты библиографиялық сабақ өткізілді. Бұл сабаққа 6-сынып оқушылары қатысты. Оқушыларға ақынның өмірі мен шығармаларымен танысып, соғыс кезіндегі жазған өлеңдерін оқыды.



https://www.instagram.com/p/Cdha_xIox6Y/?igshid=MDJmNzVkMjY=


«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 15-мамыр халықаралық отбасы күніне орай «Отан-отбасынан басталады» кітап көрмесі ұйымдастырылды. 1-5 сынып оқушылары кітап көрмесімен танысып, 5 «Б» сынып оқушылары «Отбасы тәрбие жаршысы» атты пікір алмасу сағаты өтті.



https://www.instagram.com/p/Cdhavqgoy_7/?igshid=MDJmNzVkMjY=

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Отбасы күніне орай 1 «Б» сынып оқушыларына «Анамның ертегісі» атты танымдық сағаты өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалар әдебиетіндегі шоқтығы биік шығарма «Менің атым Қожа» повесінің шыққанына 65 жыл толуына орай көптеген тілге аударылған ұрпақтан-ұрпаққа рухани азық болған шығарма туралы кітапханада 5-сынып оқушыларымен мұғалімдермен бірігіп әдеби сағат өткізілді. Оқушылар әр кейіпкерді талдап, мұғалімдер бұл повестің күн өткен сайын құндылығының артып отырғанын әңгімелейді



<https://www.instagram.com/tv/Cdk8M53rKQK/?igshid=MDJmNzVkMjY=>